



## ТАПСЫРМА МІНСІЗ ОРЫНДАЛДЫ



2

## ПОСТИГАЯ АЗЫ ПОГРАНИЧНОГО МАСТЕРСТВА



4

## ОТТЫ ЖЫЛДАР ЕСТЕЛІГІ...



6

## ЖАҚСЫ ӘСЕРГЕ ЖЕТЕЛЕГЕН КЕШ



10

# ЕЛ ҚАУІПСІЗДІГІ – ЕРЕКШЕ НАЗАРДА



Үстіміздегі жылдың 16 сәуірінде ҚР ҰҚК Төрағасы генерал-майор Ермек Сағымбаев, Төраға орынбасары генерал-майор Бақытбек Қосжанов, Шекара қызметі директорының бірінші орынбасары генерал-майор Айдар Аймурзин және тағы бірқатар лауазымды адамдар ұлттық қауіпсіздік органдарының аумақтық бөлімшелерімен танысу мақсатында Шекара қызметінің Жамбыл және Қызылорда облыстары бойынша департаменттерінде болып қайтты.

Сапар барысында Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментінің жаңа әкімшілік ғимаратының және Отан алдындағы жауынгерлік борышын өтеу кезінде қаза тапқан шекарашыларға арналған мемориалдың салтанатты ашылуы өтті. Оған көрсетілген адамдармен қатар облыс әкімі Нұржан Нұржігітов және арнайы шақырылған меймандар қатысты.

Облыс әкімдігінің атсалысуымен бой көтерген жаңа ғимаратта ыңғайлы кең үй-жайлар, конференц-зал, жауынгерлік мұражай, атыс тирі, спортзал және басқалары қарастырылған. Заман талабына толықтай сай келетін тиісті техника мен құрал-жабдықтар орнатылып, жиһаздармен жабдықталған. Шекарашыларымыздың қызметтік-жауынгерлік әрекетін жүзеге асыруларына барлық жағдай жасалған.

ҚР ҰҚК Төрағасының сапары ҚР ҰҚК ШҚ Қызылорда облысы бойынша департаментінде жалғасын тапты. Департамент бастығының бірінші орынбасары полковник Айдар Аимбетов Комитет басшысына жауапты аумақтағы қызметтік-жауынгерлік әрекет туралы баяндап, әскери нысандармен және әкімшілік ғимараттармен таныстырды.

Баяндамада әскери қызметшілердің вахталық тәсілмен қызмет атқаруы, департаментке қарасты барлық бөлімшелердің жай-күйі мен инфрақұрылымы бейнеролик түрінде көрсетіліп, заманауи модульдік типте салынған ақылды бөлімшелер таныстырылды. «Жол картасы» бағдарламасы шеңберінде атқарылып жатқан ірі ауқымды іс-шаралар туралы баяндалды.

Сонымен қатар «жүз жылдығын ойлаған халық ағаш егеді» демекші, Шекара қызметі директорының бірінші орынбаса-



ры генерал-майор Айдар Аймурзин департамент аумағына ағаш көшетін отырғызды.

Сапар соңында генерал-майор Е. Сағымбаев пен меймандар қос департаменттің Құрметті келуші кітаптарына өз тілектерін жазып, қолтаңбаларын қалдырды.

Отанымыздың шекарасын сенімді күзету мен қорғау ел қауіпсіздігін сақтау саласында айрықша орын алады. Осыған орай, Шекара қызметінің материалдық-техникалық базасын заман талабына сай жаңғырту және жауынгерлік қызметін жетілдіру мәселелері Ұлттық қауіпсіздік комитеті басшылығының ғана емес, Қазақстан Республикасы Президентінің де ерекше назарында.

Мемлекет басшысының «Дағдарыс-

тан – дамуға» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде Шекара қызметінің тиімділігін арттыру бағытында жүргізіліп жатқан елеулі іс-шаралар кешені осыған дәлел. Материалдық-техникалық базалар жаңартылып, жана кешендер мен құрылыстар салынууда, олар заманауи қару-жарақпен және техникамен жабдықталуда.

Осындай маңызды шаралардың әрқайсысы шекарашыларымыздың сенімділігі мен жауынгерлік рухын нығайтып, еліміздің шебін күзету мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне тың серпін беруде.

Капитан Т. СЕРІКҚАЛИЕВ,  
«OS-ЧР». Суреттерді түсірген автор.



ГАЗЕТТІҢ АЛДЫҢҒЫ САНЫНДА ЖАЗҒАНЫМЫЗДАЙ, 4 СӘУІРДЕ БАСТАЛҒАН «БАТЫЛ ТОЙТАРЫС – 2022» КЕШЕНДІ ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ СТРАТЕГИЯЛЫҚ КОМАНДАЛЫҚ-ШТАБТЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ОСЫ АПТАДА ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ. ЕЛІМІЗДІҢ ТОҒЫЗ ӨңІРІН ҚАМТЫҒАН ЖИЫН МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ Қ.ТОҚАЕВТЫҢ КҮШТІК ҚҰРЫЛЫМДАР АРАСЫНДАҒЫ ТИІМДІ ҮЙЛЕСТІРУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ АЯСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.



14 сәуір. ҚР ҚМ Құрлық әскерлері әскери институтының далалық оқу полигоны. Бүгін мұнда аталған оқу-жаттығудың белсенді кезеңі өтетін болады. Табанымыз тұңғыш тиіп тұрған полигонның ат шаптырым аумағында өткен жиынға ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің офицерлер тобы қатысып, бір жағынан тәжірибе алмасуға зор мүмкіндік алды. Алдымен шекарашылар Қорғаныс министрлігі ұйымдастырған тыл, техника, қару-жарақ көрмелерін аралап көрді. Бәрінен бұрын, мұнда құрлық әскерлерінің далалық қызметіне барлық жағдай жасалған. Тіпті өзінің ыстық буы бар моншасына дейін қамтылған...

...Белгіленген уақытта ҚР Қорғаныс министрі генерал-лейтенант Р.Жақсылықовтың қатысуымен, жиын басталды. Белгі қағылысымен, алдымен, әскери тікұшақ бандалық топтар басып алған аумақтың үстін айналып өтіп, олардың дереу берілуін талап еткен үндеу қағаздары тасталды. Алайда бұған тиісті жауап қайтарылмаған соң енді ҚК Десанттық-шабуылдаушы әскерлері және Ұлттық ұланның батальондары аталған елді мекенді азат ету тапсырмасын орындауға кірісті.

Алдымен, аумаққа барлау жасалған соң десантшылар Армия авиациясына қарасты тікұшақтар тобының көмегімен шартты қарсыластарды айналып өтіп, оларға оқ жаудырды.

Инженерлік-саперлік бөлімшелер ғимараттарға кіретін жолды, азат етілген нысандарды минадан тазартып, негізгі күштердің алға жылжуын қамтамасыз етті.

Сол-ақ екен, төңірек гүрсілге толып етті. Кезек «соғыс төңірісі»



атанған артиллерияға, танктерге берілген.

Шартты қарсыластар жойылып, елді мекендер жаудан тазарту жұмыстарын Ұлттық ұланның жеке құрамы атқарған соң еліміздің туын желбіретіп, кері оралған десантшыларды Қорғаныс министрі генерал-майор Р.Жақсылықов қарсы алып, тапсырманы дәлдікпен орындағандары үшін алғыс айтты. Алдағы уақытта оқу-жауынгерлік тапсырмаларды бірлесіп орындау барысында күштік құрылымдардың өзара іс-қимылын қолдау жөнінде нұсқалар берді.

... «Батыл тойтарыс – 2022» ведомствоаралық оқу-жаттығуға шекарашылармен бірге ҚМ

және ІІМ Ұлттық ұланының Ақтау, Жанаөзен қалаларында орналасқан әскери бөлімдері де тартылды. ҚР ҚМ «Оймашы» полигонында қарулардың барлық түрлерін қолдану арқылы шартты қарсыластарды бірлесіп жою операциясы өтті.

Жиынды ұйымдастырушылар Маңғыстау облысы бойынша департаментіне қарасты Қарақия ауданы бойынша шекара басқармасының қызметіне жоғары баға берді. Бұл – оқу-жаттығуға белсене атсалысқан ҰҚК Шекара қызметінің өзге департаменттеріне де қатысты.

Журналист  
Т.ДӘУЛЕТБАЕВА,  
«OS-ЧР». Суреттер ШҚ  
департаменттерінен.



# ШЕБЕРЛІКТІ ШЫҢДАУ ЖИЫНЫ ЖАЛҒАСУДА

Осы жылғы қаңтар айы бұрнағы жылғы айлардан өте ерекше болғаны сөзсіз. Бар жоғы бір аптаның көлемінде айрандай ұйып отырған еліміздің басынан бағы таюға сәл ғана қалғанын бәріміздің ішіміз сезді, санамызбен түйсіндік. Құдай оңдағанда «арам» ойлылардың жоспары іске аспады. Мемлекет басшысы күштік құрылым басшылығымен өткізген бір жиналыста ұлттық қауіпсіздік органдары мен қарулы күштердің жауынгерлік дайындығына ерекше көңіл бөледі тапсырған еді. Ал біз сөз еткелі отырған Қордайдағы шекара және шекаралық бақылау бөлімшелері бастықтарының оқу-әдістемелік жиыны осы түйткілді мәселенің шешімін табуға бағытталған жолы екендігі сөзсіз рас дүние.

Биылғы жылғы оқу-әдістемелік жиынның ерекшелігі ҰҚК Шекара қызметі мен Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің аумақтық-құрылымдық бөлімдерімен бірлесе жұмыс жүргізгендігі деп баса айтуымызға болады. Жоғарыда атап өткеніміздей қасіретті қаңтар оқиғасы кезінде қарулы күштердің «бір женнен қол, бір жағадан бас» шығара алмастан абдырағаны да белгілі. Газетіміздің өткен санында шекара қызметі департаменттерінен жиналған офицерлер қосыны Қорғаныс Министрлігі Гвардейск гарнизонындағы 12 механикаландырылған танк бригадасының карамағындағы әскери техникалармен танысқаны туралы айтқан болатынбыз. Оның ішінде шекарашылардың назарына іліккені «Arlan» атты броньды отандық машина өнімін айрықша атап өткеніміз

ауыр техника жүретін аумақтағы арнайы қазылған атыс позицияларынан граната лақтыру жаттығуларын жүргізді. Аталмыш тақырыптағы оқу-жаттығу жұмыстары ең әуелі бөлімшенің жауынгерлік ұрыс машинасына белгілі ретпен отыруы, ұрысқа дайындалуы, жалпыәскери қорғаныс жиынтығын кию арқылы белгілі арақашықтықты бағындыру тәсілдерінен өтіп



Шығыс Қазақстан облысының құрамалары кездесіп Түркістан облысының құрама командасы жүлделі бірінші орынға ие болды. Жексенбі күнінің тағы бір ерекшелігі жиын басшысының орынбасары полковник Е.Түлкібаевтың бастамасымен офицерлер қосыны қазақ-қырғыз шекарасында орын тепкен қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлының бауырлары мен бес жүз жауынгері жерленген киелі мекенге ат басын бұрды. Тарихи орынға табаны тиген шекарашылар салт-дәстүр бойынша марқұмдардың рухына құран бағыштап, құрбандық шалды.

Дәл осы күні офицерлік құрамға Қордай ауылындағы М. Ломоносов атындағы №2 орта мектебі тарих пәнінің оқытушысы Б. Ықыласова қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлы туралы дәріс оқыды. Осылайша оқу-әдістемелік жиыны бөлімше бастықтарының рухани жағынан да мықты болуына өзіндік үлесін қосып жатқанын баса айтқымыз келеді.

Бұдан бөлек Қордай ауданы бойынша шекара басқармасының мәдениет сарайында шекара қызметінің ансамбль бөлімі жиынға қатысушы офицерлер үшін арнайы концерттік бағдарламасын ұсынды. Іс-шара барысында сөз алған шекараны күзету департаменті бастығының орынбасары полковник Е.Түлкібаев ҰҚК шекара қызметінің 30 жылдығы қарсаңында осы жүргізіліп жатқан жұмыстардың жүйелі, кәсібилігі жөнінде сөз етті. Жиын басшысының орынбасары «Музыка адам жанын жарқындатып, жалындатуға тиіс» дейтін әйгілі музыкант Л. Бетховен сөзін басылыққа ала отырып, шекарашылардың рухын көтеру үшін алыстан ат терлетіп келген шекара солистеріне өз алғысын білдірді.

**Капитан Р. НҰРМЕТ,**  
«ОС-ЧР». Суреттерді түсірген автор.



жөн болар. Бұдан бөлек шекара бөлімшелері бастықтарымен Қорғаныс Министрлігі Гвардейск гарнизоны 21450 әскери бөлімінің офицерлері капитан Ж. Мұсабаев пен капитан И. Жукеев тактикалық дайындық, шабуылдау және танктер мен артиллерияның жауынгерлік мүмкіндіктері тақырыптары бойынша ауқымды дәрістер өткізді.

Ал жаңа аптаның басы жеке құрам үшін «қарсыластың броньді техникасымен күрес» тақырыбындағы жаттығуынан басталды. Топтарға бөлінген бөлімше бастықтары арнайы

қарсыласқа граната лақтырумен аяқталды.

Дәл осы жылғы шекара және шекаралық бақылау бөлімшелері бастықтарының оқу-әдістемелік жиыны барысында шекара қызметінің тарихында алғаш рет жалпы оқу топтары он бес шақырымнан асатын қашықтықтағы шекаралық бағдарлауға шарасына қатысты. Шекаралық бағдарлау шекара басқармасы мен қосымша командалық пунктті арасында ауа райының қолайсыздығына қарамастан жүргізілді. Жалпы ұзақтығы жарты күнге созылған жарыстың мәресін





СОҒЫСТА НЕ ҚАЖЕТ, СОНЫ ҮЙРЕНЕМІЗ!  
УЧИТЬСЯ ТОМУ, ЧТО НЕОБХОДИМО НА ВОЙНЕ!

# ПОСТИГАЯ АЗЫ ПОГРАНИЧНОГО МАСТЕРСТВА

В прошлом году Пограничная служба КНБ подверглась масштабному реформированию. Как следствие, образовались вакантные должности. Кадровые подразделения активно вели отбор кандидатов. Желających служить в элитных войсках всегда было много. Через жесткое «сито» проверок как физических, так и морально-психологических исследований прошли самые достойные. Сегодня им предстоит охранять рубежи страны.


Как известно, пограничники не рождаются. Новоиспеченных стражей границы готовят в часы профессиональной подготовки, обучают практически, закрепляют за ними наставников. Только после тщательной подготовки их допускают к охране Государственной границы.

1 апреля в Департаменте Пограничной службы КНБ по Северо-Казахстанской области начались сборы с вновь призванными военнослужащими по контракту. Более 80 военнослужащих постигают здесь азы военной науки и пограничного мастерства. Пре-

повышению боевой готовности и оснащенности. Мы очень тщательно готовились к проведению данного мероприятия. Уверены, что полученные знания пойдут на пользу военнослужащим и пригодятся в службе на границе.

Условия обучения, как говорится, максимально приближены к боевым. Полевой лагерь, оснащен всей необходимой учебно-материальной базой.

Распорядок дня новобранцев очень насыщен: ранний подъем, физическая зарядка, завтрак, занятия по расписанию. Теоретические занятия



своими впечатлениями младший сержант Есбол Акылбеков - Вместе с тем, я очень рад, что участвую на данных сборах. Узнал много интересного, нового. Пограничный контроль – дело ответственное, поэтому готовлюсь основательно.

Имеются среди участников сборов и военнослужащие, которые проходили службу в Вооруженных силах и Национальной гвардии.

- Срочную службу я проходил в мотострелковой роте войсковой



подают им опытные офицеры, прошедшие службу в различных подразделениях границы. Основной принцип сборов – «Учить тому, что необходимо на войне» и самое главное, на современной войне.

- Каждые сборы, прежде всего, экзамен на прочность, проверка профессионализма и боевой выучки. Наша задача выяснить кто на что способен и заполнить все имеющиеся пробелы в их знаниях, - подчеркнул консультант отдела боевой подготовки и применения резерва подполковник Серик Мирманов. – Глава государства Касым-Жомарт Токаев в одном из своих выступлений поручил силовым структурам страны провести мероприятия по

сопровождению практическими. Военнослужащие обучаются не только меткости в стрельбе, выносливости, но и изучают основные нормативно-правовые акты, по которым им предстоит нести службу.

Многие из них уже знакомы с пограничной службой.

- Некоторые моменты, которые нам сейчас преподают я знал ранее. Срочную службу проходил в Пограничном управлении по Карасайскому району. Будучи солдатом я решил продолжить службу на границе. Пробовал поступить в Пограничную академию КНБ, но провалил экзамены. Демобилизовавшись, подал документы в УПК «Нур-Султан», - поделился



**Вместе с тем, я очень рад, что участвую на данных сборах. Узнал много интересного, нового. Пограничный контроль – дело ответственное, поэтому готовлюсь основательно**

части 40398 (г. Ушарал). На данных сборах я узнал много интересного. Об общевоинской подготовке я имею представление, а вот организация службы в пограничном наряде для меня - новое. Очень благодарен руководству Департамента за такую организацию. Горжусь тем, что буду охранять Государственную границу, внося свою лепту в обеспечение национальной безопасности страны, - отметил рядовой Жанбота Капен.

Впереди у новоиспеченных пограничников служба на границе. Пожелаем им удачи в этом ответственном и почетном деле.

Старший лейтенант  
С.АЗИМХАНОВ, «OS-ЧР».  
Фото автора.

## ШЕКАРАНЫ БҮКІЛ ЕЛ ҚОРҒАЙДЫ

Ұранға айналған бұл тіркес елім деп еміренген кез келген буынға үлкен жауапкершілік жүктейді. Әскери қатарында сап түземесе де, жауапты қызметте жүріп, ел игілігі үшін қызмет етіп жүрген жауаптылар бар. Қай мінберде болмасын мемлекет мүддесі жолында жан аямай жұмыс жасаған азаматтар бар арамызда. Бейбітшілік даңғылындағы бітімгер батырлар – олар.



Солардың бірі – Айдын Кенесов. 1976 жылы Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Жаңауыл ауылында дүниеге келген. 1983 жылы Шілікті ауылындағы Шілікті орта мектебінің табалдырығын аттап, 1993 жылы үздіктер қатарында бітірген. Сол жылы Семей қаласындағы Семей мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, 1999 жылы мал дәрігері-зооинженер мамандығы бойынша бітіріп шыққан.

Алғашқы еңбек жолын 1999 жылдың сәуір айынан Шілікті ауылының «Мейір» шаруа қожалығында мал дәрігері болып бастаған. 1999-2000 жылдар аралығында әскер қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышын өтеген. Әскерден соң елге қайта оралып, 2000-2001 жылдары Шілікті кеңшарының «Қазақстан» жеке меншік шаруа қожалығында мал дәрігері болып қызмет еткен. 2001-2003 жылдың ақпанына дейін Шілікті ауылдық әкімшілігінде мәдениет және спорт бөлімінің меңгерушісі және жастар ұйымының төрағасы болып бірқатар жауапты қызметті абыроймен атқарған. 2003 жылдың ақпанынан бастап ҰҚК Шекара 2017 әскери бөліміне қызметіне келісім-шарт қызметкері болып қызметке қабылданған. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қуатты құрылымда 2018 жылдың желтоқсанына дейін баспалдақ болған бірқатар лауазымдарда қызмет етті. 20 жылға жуық уақыт шеңберін қамтитын қызметтік жылдар тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығымен үндес. Әскери зейнетке шыққаннан кейін 2020 жылы Шілікті ауылдық округінде малдәрігері болып қайта байырғы жұмысын жалғастырған. Кейін 2021 жылдың шілдесі айынан бастап, Шілікті ауылдық округінің әкімі болып сайланды.

Қызметтік жолы бір бөлек. Ал, тағылымды өмір жолы бір белес. Жолдасы Дана Исакова екеуі Балжан және Біржан есімді қос бірдей перзентті өсіруде.

Бүгінде халық игілігі үшін ұйқы беріп, қайғы алған азамат мінбердегі мәртебелі меймандар қатарында. Шырайлы шығыстың әкімшілік жұмыстарына жауапты күзиретті қызметте. Халықтың ыстық ықыласына бөленген ақмаңдайлы ұл. Еңбек кітапшасы адал еңбектің айналасынан алыстамаған ешқашан. Сонысымен абыройлы. Көпшілік алдында жүзі жарқын. Айдын Кенесов өз сөзінде «ҰҚК Шекара қызметінде менің саналы жылдарым өтті. Шуақты күндерді қызметке деген құштарлықпен, есепсіз сағынышпен еске аламын. Іргемізіндегі тыныштық үшін кірпік қақпай күзетуде болған жылдар – мен үшін үлкен мәртебе. Әскери саладағы әріптестерімен күні бүгінге дейін тонның ішкі бауындай татуымыз. Аралас-күраласпыз. Жағымды жаңалықтармен бөлісіп тұрамыз. Айта кетсем, қайғыдан көрініс берген «Қантар» оқиғасын біледі бәрі. Қияметке қол созған күндер шекарашылардың маңызын айшықтап берді. Ерлігі сәт сайын ескеріліп, күн өткен сайын қайталана берді. Сол уақыт шекарашы әріптестерімен шын мақтандым. Осындай қызметке аялдағаным үшін кеудемді мақтаныш сезімі кернеп кетті. Бүгінде әскери зейнеткермін. Саптан сырт кеттік» деді.

Шекара қызметімен тағдырын табыстырып, кейін мемлекетке қызмет етуін әкімдік ғимаратында жалғастырған халық қалаулысының қызметтік жолы шынайы құрметке лайық.

Аға лейтенант Б.ҚОЖАНТАЙ,  
«ОС-ЧР».

МЕЖДУНАРОДНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО

## ТАМ УЧАТСЯ ВОИНЫ В БЕЛЫХ ХАЛАТА

8 апреля т. г. на базе Военно-медицинской академии им. С.М.Кирова (г.Санкт-Петербург) проведен круглый стол, посвященный 30-летию со дня образования Пограничной службы и Комитета национальной безопасности.



В мероприятии приняли участие начальник санитарно-эпидемиологического отдела Военно-медицинского управления Пограничной службы КНБ подполковник м/с Т.Бердигулов, начальник 5-факультета ВМА им. С.М.Кирова подполковник м/с Р.Байбусинов, магистрант академии подполковник м/с Р.Мурзаканов и казахстанские курсанты всех курсов вуза.

Факультет подготовки военно-медицинских специалистов иностранных армий является структурным подразделением федерального государственного бюджетного военного образовательного учреждения высшего образования «Военно-медицинская академия имени С.М.Кирова» МО РФ.

В связи с увеличивающимся числом иностранных военнослужащих, обучаемых в академии, в 1955 году на базе отделения по подготовке военнослужащих иностранных армий образован факультет подготовки и усовершенствования врачей иностранных армий.

Исторический путь развития сформировал и реализует на практике систему подготовки офицеров медицинской службы и врачебного состава для Вооруженных сил в нашей стране, через международное образовательное сотрудничество и обмен опытом.

За время существования факультета здесь прошли обучение, усовершенствование и переподготовку более 5 тысяч военно-медицинских специалистов из 52 стран, 42 выпускника окончили академию с золотой медалью.

В ходе мероприятия были заслушаны доклады курсантов А.Измуханова и Д.Дараева о достижениях ведомства за годы независимости. Доклады охватили моменты создания и формирования Пограничной службы и Комитета, их миссии и цели.

Курсанты 6 курса в лице А.Алиаскара словами назидания и пожеланий передали эстафету знаний курсантам 1 курса обучения в лице А.Алданазар.

Также, участникам круглого стола были показаны документальные фильмы «Государственная граница» и «Цена покоя. 30 лет».

Подполковник м/с Т.Бердигулов поздравив присутствующим с юбилейной датой пожелал будущим медицинским работникам скорейшего возвращения на Родину с богатым багажом знаний, чтобы вложить свой вклад в дело обеспечения национальной безопасности страны.

Лейтенант м/с А.БАЛТАБАЕВА,  
курсант 6 курса Военно-медицинской академии С.М.Кирова.

МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ

## Қаржыгер – машақатты кәсіп

Әр қазақстандықтың жүрегінде өз елім үшін қызмет етсем екен, дамуына көмек берсем екен деген ой қалыптасуы тиіс. Ата-бабаларымыз жас ұрпақтың болашағы үшін өз өмірлерімен қос айтысып, жері үшін, елі үшін күрескен. Енді келесі кезек біздерде. Алдымызға қойылатын негізгі міндеттеріміз – жақсы білім алып, келешекте жақсы маман атанып, еңбегімізді аямай, қызмет жасауымыз керек.



Әрбір азаматтың өзінің жүрегі қалаған мамандығы бар. Қайбір мамандық болмасын өз маңыздылығы, пайдасы мен ерекшеліктері болады. Осы тақырыпты ашып айту үшін бүгінгі мақаламызды Шекара қызметінің қаржыгер маманы

жайлы болмақ.

Таныс болыңыздар, майор Ерік Абдыазизович, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің орталық аппаратында қаржы бөлімінің консультанты болып қызметін жалғастыруда. Қаржыгер мамандығын тандауға не себеп болды? – деген сауалға «қаржыгерлер шекара қызметінде ел шебін күзетіп жүрген

сақшыларымыздың қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізіп, мемлекеттік шекараның сенімді күзетілуіне өз үлестерін қосады, бұл мені сүйікті мамандығым деп, жауап берді Ерік мырза. Бұл да бір үлкен жауапкершілік. Күнделікті жұмыс барысында көптеген жағдайлар болып жатады, оған тез арада шешім табамыз. Өйткені қаржы саласында жұмыс істеп, қаражаттардың әр тиынына дейін дұрыс жұмсалуды қадағалайтын маман.

Өзім, Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданының Жібек-жолы ауылынан боламын. Бұл жақта әскери адамдарды жиі кездестіруге болады. Неге десеміз, бізге бала кезімізден бастап шекарадан жакын ештеңе болған емес. Сол себептен, аға буын шекарашыларды күнделікті көріп өстім. Шекара қызметіне келуіме бұл да бір әсер беріп, себеп болған шығар. Мектеп қабырғасында оқып жүргеннен бастап, оқуда озат, спортқа да үздік болып

бойына офицерлік дағдыларды қалыптастыра бастады. Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Университеті экономика факультетінің түлегі, 2010 жылы Шекара қызметіне 2038 әскери бөліміне орталықтандырылған қаржы бөлімінің офицері болып тағайындалып, бастау алды. Ең қызығы, қаржы маманы болып үлкен компанияларға бармай, шекарашылар қатарында қызметін атқарып келе жатыр. Басқа сөздермен айтсақ, қаржыгер бұл банкирлер, инвесторлар, трейдерлер, биржа жұмыскерлері, қаржы директорлары, салық инспекциясының жұмыскерлері, қаржылық менеджерлер, есепшілер мен аудиторлар. Қиыншылығы болмайтын сала түрі жоқ.

Қаржы маман иесі әрқашан үлкен соммадағы ақша қаражаттарымен жұмыс жасайды, сол себепті қаржыгер бойында адалдық қасиеті болуы тиіс. Өйткені ақша деген құнды қағаз, адамның көзін қызықтырып, ойын бұзуы мүмкін. Уақыт өте келе біліктілігімен көзге түскен Ерік 2019 жылы 2016 әскери бөлімінің қаржы бөлімінің бастығы, ал қазіргі таңда 2020 жылдан бері бөлімнің консультанты лауазымында қызметін әрі қарай жалғастыруда...

Аға лейтенант С.ӘЗІМХАНОВ, «ОС-ЧР».  
Суретті түсірген лейтенант А.СӘБИЕВ.

ҰҚК баспасөз қызметінің кабинетіне кіріп келген полковник Жанарбек Мәдединовтың жүзінен ерекше бір жылылықты аңғардық. Қалам ұстаған сарбаздарды үнемі жақын тартып жүретін аға буынның бізге деген көңілі ашық. Шекара қызметі Директорының кеңесшісі лауазымынан зейнетке шыққанына да көп болған жоқ. Біздің камераларын құшақтаған жігіттерді көріп, «қандай кино түсіргелі жүрсіңдер?» деп, жымиды. Әрине, түсірілім аяқталғанша көктемгі ауа райының аңызақ желіне аздап жаураған кейіпкеріміз тәжік-ауған қақтығысының ардагері қазіргі уақытта Ауған және жергілікті соғыс ардагерлері одағы төрағасының орынбасары Айтуған Күзербаевты таныған соң, әдейі қағыта сөйлегені ғой.



# ОТТЫ ЖЫЛДАР ЕСТЕЛІГІ...

Ескі таныстардың арасындағы қызықты әңгімесіне аяқ астынан куәгер бола қалған біздер үшін бұл бір ғанибет болды. Бірі сонау отты жылдары Қазақстаннан аттанған батальонның командирі болса, енді бірі сол командирлердің қол астында Отан алдындағы борышын адал атқарған қазақ сарбазы.

Әңгіме көрігі қыза түсіп, былайғы уақытта әскери адамдарға тән мінезбен көп ашыла қоймайтын полковник Мәдединов бұл жолы біздер үшін әлі де құпиясы көп тәжік-ауған жеріндегі оқиғаларды тарқата бастады: «1988 жылы КСРО МҚК Ф.Э.Дзержинский атындағы Алматы жоғары шекара училищесін тәмамдаған соң менің өмірім сол кездегі геосаяси ахуалдың әсерімен үнемі ауған жеріне жақын маңынан табылатын. 1989 жылы түрікмен-ауған шекарасында қызметімді бастадым. Одақтың ыдырауымен бірге бүкіл КСРО аумағында шиеленістер орын ала бастаған кез. Посткенестік аймақтарда әр-түрлі қылмыстық элементтер заң аясынан тыс әрекеттерге барып, жаңа құрылған дербес мемлекеттердің дамуына қауіп төндіре бастады. Ұлтшылдар, өртүрлі ұйымдасқан қылмыстық және қарақшы топтар есірткі, қару, кісі өлтіру, тонау, контрабанда өршілді. Бұның бәріне бірінші тосқауыл қоя білген де шекарашылар болды. ТМД елдерінің Ұжымдық қауіпсіздік келісім-шарт ұйымының ортақ келісімінің аясында Қазақстандық сарбаздар 1994 жылы бауырлас Тәжікстан жеріне аяқ басты. Бұл егемен еліміздің тарихындағы алғашқы бітімгершілік операцияға қатысуы еді. Менің алғашқы іс-сапарым 1995 жылы басталды.

Азаматтық соғыс дәрежесіндегі Тәжік елі оппозиция мен ресми билікті жақтағандар болып, екі лагерге бөлінген. Әлеуметтік тұрғыдан әбден ти-



тықтаған қарапайым халық кімнің жағына шығарын білмей әрі-сәрі күйде ғұмыр кешіп жатыр. Күндіз ресми билікті қолдап, шекарашылармен сәлемі дұрыс жергілікті қышлықтың тұрғындарының кейбірі күн батқан соң қорқыту, үркіту арқылы ел ішіне зәбір өткен контрабандашылар мен содырлардың айтқанын істейді. Суы асау «Пяндж» өзені Ауғанстан мен Тәжікстан арасындағы табиғи бөгет, шекара шебі болды. Бұл өзеннің ар жағынан қару-жарақ пен есірткі өткізу жергілікті контрабандашылар үшін үйреншікті тірлікке айналып кеткен. Әсіресе, ауған жеріндегі соғыста әбден машықтанған басбұзар содырлардың тәжік жері арқылы көршілес Қырғызстан, Қазақстан, Өзбекстан жерлеріне өтіп діни-экстремистік идеяларын таратып, террорлық қауіптердің алғышарттарына өкелуі қауіпті еді.

1994 жылы қыркүйек айындағы Висхав шатқалында орын алған Қазбат сарбаздары мен содырлар арасындағы айқасты және сол жолы жанкештілікпен шайқасып, ерлікпен қаза тапқан қазақстандық шекарашы жайлы жеті айдан кейін осы Калай-Хумб заставасына келген кезде білдім. Бұл біздің

жеке құрамның алғашқы қаза тапқан сарбазы Р. Батырханов еді.

1995 жылы 7 сәуір күні «Қазбаттың» жауынгерлік тарихындағы қаралы күн болып жазылды. Бұл күні тәжік-ауған шекарасы Пшихарв шатқалында Ресей мен Қазақстанның 300-ге тарта сарбаздарынан құралған маневрлік тобының колоннасына алдын ала әзірленген содырлар шабуыл жасады. Қанды шайқаста Қазақстандық 17 және ресейлік 33 сарбаз қаза тапты.

Аталған оқиғалардан соң Қазақстан басшылығы тәжік жеріне жауынгерлік тұрғыдан шындалған, қақтығыс нүктелерде қызмет еткен офицерлерді іріктей бастады. Сол жылдың сәуірінде Памир тауларын бетке алып, мен де «Қазбаттың» құрамынан табылдым.

7-ші жеке арнайы құрама батальонды ауыстыруға келген 8-ші батальонның штаб бастығының орынбасары ретінде маған осы бір қанды айқастан аман қалған 25 қазақстандық сарбазды Душанбе әуежайынан қарсы алып, Қазақстанға қайтару міндеті жүктелген еді.

Өз көзіммен көргенімді айтатын болсам, алғашқы қазақстандық сарбаздармен кездесуім мені қатты толқытты. Жастары 19-20-дағы жас жігіттер уақыттарынан ерте есейіп кеткендей, көздері терең ойда. Ыстық күннен бе, оттан ба беттері де біртүрлі қарайып кеткендей екен. Бір рота солдат, яғни 100 адамның ішінен тірі қалғандары қаза тапқан қарулас достарының автоматтары мен пулеметтерін иықтарына асынып, келендік бақылаудың

алдына тұр. Тәжіктің кеденшілері не себепті бір адамға соншама қарудан бекітілген деп сұрап жатыр екен. Естеріне 7 сәуірде орын алған оқиғаларды салған соң, олар да үндеместен тездетіп құжаттарды рәсімдей бастады.

Екінші рет тәжік жеріне 21-ші жеке арнайы құрама батальонның командирі болып қайта келдім. Осы күнге дейін соңғы жеті жыл бойы Шекара қызметінің директоры лауазымында болған генерал-лейтенант Дархан Ділмановты ауыстырдым. Ол кезде ол майор шенінде 21-шы жеке арнайы құрама батальонның командирі болатын. Өздеріңіз байқап отырғандай «Қазбаттың» әр ауысымы 3 ай қызмет етіп ауысып тұрды. Әр барған батальонның өз санақтық нөмірі бар.

Осы тұста, жат жерде тау мен тасты жастанып, ең жауапты да қатерлі учаскені бақылауда ұстаған қазақ батальондары жерге қаратпады. Іріктеуден өтіп, сұрыпталып жіберген әр сарбазымыз өзіне артылған сенімді толық ақтай алды.

Сіздерге бір қызық айтайын. Ұзақ уақыт оқопта жатып өмір сүру деген онай емес екені анық. Алайда, бір бұтақ не бір тал шөп өспейтін тақыр тастың түңгі суығынан басқа сарбаздарды «оқоп бүргісі»

де шабуылдайтын. Санитарлық жағдайды қажетті деңгейде ұстау қиындығы бір бөлек, қанша тазалансаң да кетпейтін осы бүргінің шаққаны жаман. Ұйқыда жатып қасынған солдаттар тырнақтарымен терілерін қызылшақа жараға айналдыратын. Материалдық және медициналық қамтамсыз ету кей кезде кешігіп жететін, ал жергілікті тұрғындарда мүлдем дәрі-дәрмек табу қиын еді. Сондағы таң қалдырғаны, біздің сарбаздар қанша жан-дарына батса да, шыдап, тіпті бізге, офицерлерге көрсетпей жасырып жүруге тырысатын. Өйткені, жарасы жазылмағандарын келесі келген бортпен Душанбеге, аржағында елге қайтарып жіберетінбіз. Дәл осылай жаралары асқынған Қорғаныс министрілігінің Отар арнайы әскери аймағынан келген

үш сарбазы госпиталға барасындар дегенде «Товарищ командир, біз міне жазыламыз. Жергілікті тұрғындардан «зеленка» алып келдік, қайтармаңызшы бізді» деп жалынып тұрып алды. Өздерінің тіпті құлақтарына дейін бүргі әбден шаққан екен. Көздерінде от, бір жағынан қимаймын жіберуге, бірақ әскери тәртіптен асуға болмайды.

Негізі, өз басым жеке құрамды негізсіз тәуекелге жетелеген емеспін. Тіпті соғыстан тыныш түрікмен-ауған жерінде де отрядтан бір қадам ұзасақ та толық жауынгерлік жаракпен шығатынбыз. Броньды техника, әр қайсымызды 10-20 оқ салғыш, қос-қостап граната алып шығатынбыз. Суға барсақ та, дүкенге барсақ та солай болатын. Ал мына отты жалыны шаппып тұрған тәжік-ауған тауларында тіптен сактық шараларын күшейттім. Содырлардың соңғы шабуылдарынан соң колонна жолында қыбыр еткен жаққа бірден оқ жаудырындар, ешкіммен келісімге келмейміз, бізге қару кезгеннен жақсылық күтпейміз деп ескерттім сарбаздарыма.

Қазақ батальоны атанып кеткен біздің құрама бөлімшенің қатарында ресейлік сарбаздар болса да бізді жергілікті тұрғындар «қазақтар» деп атайтын. Аз уақытта беделіміз арта бастаған біздің ротаның солдаттары тұрған аумақты содырлар айналып жүретін болды. Барлаушылардан «содырлар арасында сенің басыңа тапсырыс түсті» деген ақпарат жетті. Қазақ капитаны тым астамсып кеткен, келісімге келмейді екен деп, мені содырлар танып



# НАР ТҰЛҒА

алған көрінеді. Қазақ сарбаздарының аз ғана тобы 1994 жылы 28 қыркүйекте 200-ден аса Хаким мен Хаттаб бастаған содырларын қирата жеңгені әлі естерінде болса керек. Біздің қойған бекеттерімізге жақындамайтын.

Қауіпсіздік дегенге қайта оралсақ, мен Ши-хавр шатқалындағы оқиғаны әбден зерделедім. Сол кезде Қалай-Хумб тауларында қызмет еткен әр офицер содырлар қолынан қаза болған сарбаздардың соңғы жолымен, күйіп кеткен көліктердің темір қаңқаларының жанынан жүріп өтетін. Мен де бұл жердің ландшафтын, орналасқан жері мен ерекшеліктерін қарап өттім. Шабуылға ұшыраған колоннаның әбден күйген көліктерінің кабиналары әлі де жатқан болар. Екі машина сыйыспайтын жалғыз аяқ жол қарсы беттегі ауған жеріндегі тау бөктерлерінен алақандағыдай көрінеді екен. Төменгі жақта асау Пяндж өзені. Таса жері жоқ, тастан қашалған тегіс қабырға шабуыл жасауға өте ыңғайлы жер екен. Командир ретінде бұл жермен колонна жібермес бұрын тікұшақтармен алдын ала тексеріп алып, жол бойы ілестіріп отыру қажеттігін ұқтым. Сарбаздар тиелген жүк көліктерінің арасына қорғаныс ретінде броньды техникалар қажет. Сол кезде ғана сенімді жүруге болады. Әрине, болған іске баға беру оңай ғой. Бірақ стратегиялық қателіктер жіберілгені анық. Оқ-дәрі тиелген жүк көлігін бірден жарып жіберген. Қолдарында бір ғана магазиндері бар сарбаздар аз уақытта атарға оқ таба алмай қалған. Бұл да бір үлкен қателік. Не бәрі 12 содыр 300 адамнан тұратын колоннаны отқа орады. 5 сағатқа созылған ұрыс нәтижесінде қазақстандықтардан басқа 60-тан аса ресейлік жауынгерлер де қаза тапты. Атуға өте ыңғайлы позицияға бекінген содырлар өздерімен бірге әкелген оқ-жарактары таусылған соң ғана кеткенге ұқсайды. Оқтары таусылмаған күнде не боларын кім білер...

Ұрыс кезінде жағдайды бағамдап үлгермеген болар, бірақ тура содырлар орналасқан жартастың үстіндегі тау пародасын гранатометтен атып, қозғап жібергенде бәрі үйінді астында қалар еді. Жақсы ойлар кейде осылайша кеш келіп жатады. Бұның бәрін алдын ала барлау жасап бағамдау қажет еді...

Бұл жағдайлардың барлығы әрине кейін ескеріліп жатты, келесі келетін батальон сарбаздары Қазақстанда тыңғылықты дайындықтан өтетін болды. Әсіресе, әскерге бар жан-тәнімен берілген Қорғаныс министрлігінің 210-шы оқу орталығы жауынгерлік дайындық бөлімінің бастығы полковник Виктор Обуховты атап өткім келеді. 1995-1999 жылдар аралығында тәжік-ауған жеріне аттанатын сарбаздар, сержанттар мен офицерлерді тікелей өзінің қатысуымен жауынгерлік дайындықтан өткізді. Қатал тәртіппен жоғары талап өз нәтижесін беріп жатты. «Мен сияқты істе» деген ұстанымдағы офицер ресейлік «9-шы рота» фильмінің кейіпкері нағыз «Дыгалонның» өзі дерсің.

Бүгінде бәріміз сол кездерді бауырластық сезіммен еске аламыз. Бір бірімізге деген достастығымыз үзілген емес. Әлі күнге дейін Тәжікстан, Ресей, Түрікменстан елдерінің шекарашыларымен хабар алысып тұрамыз. Бір мақсаттың аясында біріккен сарбаздармыз ғой» – деп түйді өз сөзін кейіпкеріміз.

Отты жылдарын еске алып отырып, алдын ала келісіп қойған кездесуінен қалып бара жатқаны есіне түсіп кеткен Жанарбек Арзымбекұлы: «Ал жігіттер, өскелең ұрпаққа өнеге болсақ жарадық, бізді ұмытпай, баспа беттеріне салып жүрген сендерге рахмет!» деп, қолымызды қатты қысып, аяғын асығыс басып кете барды.

Сұхбатымыздың түйінін сол жылдары тәжік-ауған шекарасында мерзімді қызметін өткерген, қазіргі уақытта «Ауған және жергілікті соғыс ардагерлері одағы» төрағасының орынбасары Айтуған Күзбаевтың «От кешкен сарбаздар үшін жақсы командир туған өкендей» деген сөздерімен аяқтауды жөн көрдік.

Оқырмандарымызға бірі командир, бірі сарбаз болып отты жылдарын бірге өткізген қарулас ескі достардың естеліктерін тәуелсіз еліміздің ерліктер тарихы жазылған белгілі бір дәуірдің көрінісі ретінде ұсынуға тырыстық.

**Аға лейтенант Р.ҚҰРМАНҒАЗИН,  
ҰҚК баспасөз қызметі.**



Зымырап өтіп жатқан уақытпен адамның өміріне тосқауыл болу мүмкін емес екендігін жақынынан айырылып қалғанда терең сезінеді екенсің... Өмірде сыйласа білген адамың туралы өткен шақта естелік жазу да оңай емес.

Саят Мыңбаев 1949 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Алматы облысының Алакөл ауданы Үшарал ауылында дүниеге келген. Үшарал – қазір Алакөл ауданының орталығы. Тарихы мол өңір. Ол жерден қоғам қайраткерлері де, өнер адамдары да көп шыққан. Міне, сондай өңірде туып-өскен Саят Мұхаметбайұлы бойына асыл қасиеттерді жинай білді.

Саяттың ата-аналары да төңірегіне белгілі адамдар болды. Үшарал мектебінде қызмет жасап, елдің құрметті

Есімі ел есінде қалатын тұлғалар болады. Сондай азаматтың бірі Саят Мыңбаев еді. Ол саналы ғұмырын еліміздің тыныштығы мен бейбіт өміріне арнады. Қауіпсіздік саласында ерен еңбек етіп, абыройға бөленді. Адамдық асыл қасиеттерімен парасат биігіне көтерілген жан еді.

олардың барлығы есте қала бермейді. Дегенмен кейбіреулері өзінің саған деген ілтипатымен, ағалық жылы сөзімен өмір бойы естен кетпейтіндей сезім қалдыратынына көзім жетті. Осындай азаматтардың қатарында Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери барлау қызметінің негізін қалаушылардың бірі, Ауған соғыстың ардагері, «Қызыл Жұлдыз», «Халықтар достығы» ордендерінің және 17-ге жуық медальдің иегері, отставкадағы генерал-майор Саят Мыңбаев тұрған еді.

Олай дейтін себебім, жас кезінен білімге деген құштарлығы мен асқақ арманы алға жетеледі. Жамбыл технологиялық институтының Семей қаласындағы филиалына, инженер-технолог мамандығына оқуға түсті. Оқу орнын тәмамдап, инженер-технолог мамандығын алғаннан кейін, әскер қатарына шақырылып, Отан алдындағы борышын атқарып келді. Еңбек жолын туған жерінде комсомол жастар ұйымында қызмет жасаудан бастады. 1974 жылы мемлекетіміздің қауіпсіздігін қорғау жүйесіне қабылданды. Ташкент, Алматы мен Киев қалаларында әскери білімін жетілдіру мақсатында дайындықтан өтті.



ұстаздары атанған Мұхаметбай Мыңбайұлы мен Рахима Оралбайқызын жерлестері әрдайым мақтан тұтады. Олардан тараған ұрпақтарың игі істерін үлгі етіп айта жүреді.

Сол шаңырақта өсіп-жетілген Саят Мұхаметбайұлы білім алып, ер жетті. Еліміздің қауіпсіздігіне ерен еңбегін сіңіріп, артына өшпес із қалдырды. Үнемі қатаң тәртіппен қырағылықты сақтайтын әскери өмірдің мәртебесіне ие болып, ауыртпашылығын абыроймен көтерген менің аға досым Саят Мұхаметбайұлы Мыңбаев туыстық жағынан қадірлі бажам болды.

Адам баласының өмір жолында талай тұлғалар кезігеді ғой, бірақ

Жетісудың Айгүл аты сымбатты да сұлу қызымен танысып, отбасын құрамыз деп уағдаластық. Бір сәтті күні Ақтөбе мен Алматы қалаларындағы ағаларымды, апа-жеңгелерімді соңыма ертіп, қазақы дәстүрмен ата-анасының алдынан өтіп, рұқсат алайық деген мақсатпен Талдықорғанға жол тарттық. Қалаға жақсы жеттік.

Дегенмен, бұндай жағдайда болашақ күйеу баланың халі белгілі ғой. «Қалай болады?» деп бәрін ойлап, қобалжисын. Сондай сәттердің бірінде, менен бірнеше жыл бұрын осы шаңыраққа күйеу болған Саят Мыңбаев маған далаға шығуға белгі берді. Өзіме де керегі сол еді. Сыртқа шыққан соң, дұрыстап қол алысып, қайтадан танысқанымыз әлі есімде. Бажаның бір-біріне қадірлі болатынын сол сәттен бастап сезінген едім. Бірден сөзіміз жарасып кетті. Бітім-болмысы бөлек, сөйлеген сөзі ширақ, денесі тік, келбетті, санқылдаған күлкісі айтқан пікірі мен анекдоттары, көк жапырақ түсті тамағы ашық, тек қана өзіне тән әскери көйлек киген, әсерлі әңгімесімен, салиқалы сөздерімен өзіне баурап алғаны ардақты ағамыздың алғаш көргендегі осындай бейнесі күні бүгінге дейін көз алдымнан кеткен емес. Сол күннен бастап жақын дос болып кеттік.

Саят 1985 жылдың күз мезгілінде сол кездегі Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің жауапты қызметкері ретінде соғыс жүріп жатқан Ауғанстанға арнайы іссапарпен аттанып, сол жерде өз қызметін жалғастырды. Туған еліне үш жылдан соң аман-есен оралды. Осы соғыстың барысында әскери тәжірибесі барынша шындалған Саят Мыңбаевқа жаңа міндеттер жүктелді. Республикамыздың қауіпсіздік комитетінің орталық аппаратындағы қызметке қабылданып, кейінгі саналы өмірінің барлығын зейнеткерлікке шыққанға дейін тәуелсіз Қазақстанның ішкі және сыртқы қауіпсіздігін сақтауға арнады.


Саят екеуіміз оңашада мемлекетіміздің көптеген мәселелері туралы сұхбаттасушы едік. Сондай-ақ ұлттық тәрбиеге, отбасы тіршілігіне қатысты пікірлерімізді де ортаға салатынбыз.

Асқар шың алыстаған сайын биіктей түсетіні анық. Биік адамгершілік қасиеттерімен, мемлекетіне берген әскери антына адалдығымен ел ықыласына бөленген Саят ғұмыры асқар тауларға ұқсайды.

Саят Мұхаметбайұлы нағыз сардар, туған отанының генералы болды. Еліміздің қауіпсіздігін қорғауға қосқан үлесі орасан зор. Мемлекетіміздің бейбітшілігіне, шекарасының бүтіндігіне бар өмірі мен қажыр-қайратын, өзінің ар-ожданын сарп еткен НАР тұлға!

**Төлеген ҚУАНЫШЕВ, қоғам қайраткері, профессор.  
Нұр-Сұлтан қаласы.**

Шекара шебіндегі журналистік іссапарымның соңғы күндері де таяп қалды. Осы жолғы іссапарымда аралаған шекара бөлімшелерінен көңілге түйгенім көп болды. Қайда барсам да жүректерін Отанға деген адал қызметтің жалыны шарпыған таудың тасындай сайыпқырандар. Әр офицерден Шекара академиясынан алған терең білімін тәжірибемен ұштастырған қасиетті қызметтің нағыз шеберін танысың. Сеніп тапсырылған шекараның соңғы нүктелерін тәуліктің әр сағатында сапалы күзетуге бел шешкен шекара сақшыларынан елім деп еңіреген ерлердің нағыз өзі деп білесің. Олардың темірдей әскери тәртіптің қаталдығына сынып кетпей жүргендерінің өзі – патриотизмнің түпнұсқасы.



Шекара шебінен бой тасалай өтуге талпынған адамдардың жолына тосқауыл бола білген «Бірлік» шекара бөлімшесінің негізі қаланғанына бірнеше жылдың жүзі өткен. 2002 жылдың қысында өз алдына шекара заставасы болып шыққан әскери ұжымды содан бері онға жуық офицер басшылық жасапты. Шекара шебін күзетудің шеберлігін еркін меңгерген арнайы дайындықтардан өткен мамандар жеке құрамды айрандай ұйытқан. Әскери қызметшілердің негізгі мақсаттарын еліміздің шетіне шақырусыз келген қонақтардың қадам басына мүмкіндік бермеуіне шоғырландыра білген. Мұндай қызметтері де өз кезегінде жақсы нәтиже бергені белгілі...

Өткен жылдың күз айларының бірі болатын. Қасқарая бастаған уақыт. Шекара маңы мүлгіген тыныштық. Ауыл сыртында тек қана шаруаның жағдайын күйтеп жүрген жандар ғана жүр. Бірі өрісте жайылған төрт түлігін айдап келе жатыр. Енді бірі жақын маңдағы суатқа мініс атының шөлін қандыру үшін жайдақ жылқысын жетектеп барады.

Осындай азаматтардың бірі күйбен тірліктің қаракетімен ауылдан бірнеше шақырым

жерге ұзақтап шыққан еді. Ол да кейбір ауылдастары сияқты шекарашылардың ерікті жасағының құрамында. Шекара шебінің қай маңынан өтетінін жақсы біледі. Екі кештің ортасында бұл білетін шекара жолағына қарай жүрісі суық бір адамның алшандап басып бара жатқанын байқады. Неге екені белгісіз. Ойына бір күдік келді. «Не де болса, мемлекеттік шекараны бұзуды ойлап, жаяу жолға шыққандардың біреуі болуы мүмкін. Іңір қараңғыда не істеп жүр екен?! Түрі мен жүріс-тұрысы да ауылдастарыма ұқсамайды. Жақын маңда мен танитын жандарға да ұқсата алар емеспін... Кім болсада, жүрісі күдікті...», – деп ойлады ол ішінен. Шекара бөлімшесінің басшысына хабар беру үшін қолына ұялы телефонын алды. Жедел түрде офицердің нөмірлерін тере бастады.

...Ерікті жасақтан түскен ақпарат бойынша «Бірлік» шекара бөлімшесінің басшысы капитан Серік Сартай жеке құрамын «Жиын» пәрмені бойынша көтереді. Лейтенант кезінен шекара заставасының түрлі жауапты лауазымдарында болған

# ПАТРИОТИЗМНІҢ ТҮПНҰСҚАСЫ...



офицер мұндай жағдайда қандай іс-әрекетке көшу керектігін бес саусағындай біледі. Арада азғантай минуттар ғана өткенде бірнеше әскери қызметші қызметтік итпен бірге саптан табылады. Әскери ұжымның бастығы ауыл тұрғынынан түскен мәліметті шекарашыларға жеткізеді. Алдағы іс-әрекеттерін түсіндіреді. Көзді ашып-жұмғанша әскери көлікке тиелген «Дабыл тобының» артында будақтаған түтіні қалды. Ирелендеген жолдың бойымен жылдамдығын үдере кетіп бара жатты. Алған бағыттары шекара шебі.

Шекара режимінің төртібін бұзушы да бұл кезде мемлекеттік шекараны қиып өтуге діттеген жеріне жақындап қалған еді. Оның ойына ендігі кезекте шекарадан ешқандай кедергісіз өтіп шығамын деген сенім пайда бола бастаған. Көз байланған шақтағы қараңғылықты пайдалана алға қарай жүгіріп келеді. Айналасынан сыбдыр шыға қалса болғаны, лезде жата қалады немесе кездескен тал-теректі тасалай тұра қалады. Кейде қобалжығанынан жүрегі аузына тығылардай. Сонда да еңтіге басып келеді.

Арада көп уақыт өтпей артына бұрылып қараса, шекарашылар мінген Уаз көлігінің жарығы түсіп қасына таяп қалыпты. Ар жағы еміс-еміс есінде. Шекара сақшыларының итінің үрген дауысы мен олардың қатқыл шыққан пәрмендерінен кейін бір орында сілтідей қатып қалады. Одан кейін шекара бөлімшесінде жасыл күнқағарлыларға берген сұрақ-жауап кезінде Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік шекарасы туралы» Заңының талаптарын бұзғанын түсініп, қателікке жол бергенін мойындады.

Соңғы үш жылда «Бірлік» шекара бөлімшесінің жеке құрамы Ресей Федерациясымен арадағы шекараны бұзуға талпынғандардың бір қатарын тұзақтаған. Көрші елден шақырусыз кірген қонақтарымыз елімізде тұрып жатқан туысқандарына келу үшін, мемлекеттік шекараның талаптарын білмегендіктен бұзуға мәжбүр болғандарын айтып ақталыпты. Дегенмен заңнамалық баптарын білместікпен бұзған жандарға кешіруге жол берілмейтіндігі түсінікті.

Бүгінгі таңда ел шетінің тыныштығын бұзуға талпынғандардың қатары төуелсіздік алған кезеңмен салыстырғанда едәуір азайған. Оның себебі біреу-ақ. Шекара сақшыларының өздерінің міндеттеріне деген адалдығы. Себебі шекарадан бой тасалаған күйде өтіп кетемін дегендерді тәуліктің қандай уақыты болмасын шекара сақшылары қолға түсіруде. Даңқты отан қорғаушылардың мұндай әрекеті шекараны бұзамын дегендердің өзгелеріне қашанда сабақ болары анық. Қызметтеріне адал берілген «Бірлік» шекара бөлімшесінің де бүгінгі біз баян еткен шекара режимін бұзушыны ұстаудағы оқиғасы соның бір айғағындай!

МАМАН

## БОС УАҚЫТЫН ДА БОСҚА ӨТКІЗБЕЙДІ



Қостанай облысы бойынша департаментіне қарасты «Бірлік» шекара бөлімшесінің аға технигі сержант Марат Елеусізов те өз мамандығын сүйіп таңдаған әскери қызметшілердің бірі. Шекара сапындағы қызметін осы шекара бөлімшесінің көлік жүргізуші лауазымынан

Жолаушысы мен тиеген жүгін жолда қалдырмайтын жүрегінің орнында моторы «бар» темір көліктер жыл он екі ай бойы иесіне қалтқысыз қызмет етеді. Олардың тоқтаусыз жүруіне бірден-бір себеп болатын арнайы маманның шебер қолы екенін білеміз. Қолы босап, азғантай болса да бос уақыты табылса болғаны көлігінің қасынан табылып, жанды «жерлерін» тексеріп жататын техник мамандарды көріп жүрміз.

бастаған ол аға техник лауазымына дейін өсіпті. Кей жылдары «Қарабалық» шекара бөлімінде көлік жүргізуші лауазымында да болған. Шекарашылардың сапындағы қызметін қатардағы жауынгерден бастаған ол бүгінгі күні «сержант» әскери атағында. 2007 жылы Қостанай әлеуметтік университетінің «Кеден қызметінің маманы» мамандығы бойынша тәмамдаған. Дегенмен өзінің жүрегіне жақын мамандық деп таныған шекара сақшыларының қатарындағы қызметіне саналы ғұмырын арнап келеді.

Әскери қызметінде мемлекеттік шекараның тұтастығын күзету ісіне де сүбелі үлесін қосып келеді. Түрлі шекара нарядының құрамында шекара шебінде қыстың суығы мен жаздың ыстық күндеріне қарамастан ел шетін күзетіп жүр. Марат Жарылқасынұлы онға жуық

мемлекеттік шекара бұзушысын ұстауға қатысса, алты рет контрабандашылардың тасыған халықтық тауар жүгін өткізуге тырысқандардың жолын кескен.

Көп жылғы қажымас еңбектің арқасында Шекара қызметінің басшылық құрамынан бірнеше рет марапатқа ие болған.

Еңбектің жемісін қашанда маңдай терді төгумен келеді десек, түрлі лауазымда болған сержант Марат Елеусізов ар алдындағы адалдығының арқасында жұмысын сапалы ұйымдастырумен көзге түсіп келеді. Оның осындай еңбекқорлығының арқасында алған марапаттарын көріп, еңбегінің еш кетпегеніне қуанамыз.

**Бетті әзірлеген майор М.ҚАРЕКЕНОВ,  
«OS-ЧР». Суреттерді түсірген автор.**

# КЕМЕ ҚАРУЫНЫҢ ҚАУҚАРЫ СЫНАЛДЫ

ҚР ҰҚК ШҚ Маңғыстау облысы бойынша департаментінің теңіз шекарашыларымен кәсіби шеберліктерін көтеру және жауынгерлік әдістерін жетілдіру мақсатында Каспий теңізі айдынында теңіз күзет корабльдерінің штаттық қаруларымен кезекті атыс жүргізілді.

ҰҚК ШҚ Маңғыстау облысына қарасты бірінші дивизион командирі бұйрығымен, Нұр-Сұлтан кемесінің үшінші дәрежелі капитаны О.Тастемировтың маневрлік пәрмені арқылы теңіз ортасында кемелердің маневрлік бұрылыстары, кемелердің ұрыс алаңындағы саптық жүрісі, кильватерлік сап сынды бірнеше маневрлері пысықталды. Клиндық сапта жүруі тәжірибеде жүзеге асырылды.

1-дәрежелі капитан Т.Төребаевтың бұйрығымен шекарашылар радио байланыс құралынсыз яғни арнайы симафондық жарық беру арқылы сигналдарды қабылдады.

Арнайы радарлардың көмегімен және карта арқылы белгіленген орынға орналасып заңсыз қаруланған жағадағы топтың күшін жою мақсатындағы атыс жүргізу тәсілдері іске асырды. Естеріңізде болса «Қалқан-2021» оқу жаттығу кезінде жалпы саны 12 су техникасы қатысқан мұндай іс-шараны шекарашылар еркін әрі жоғары деңгейде меңгергенін көрсетті. Қарсыластың күшін жою және теңіз ортасындағы маневрлік жұмыстарға «Барыс», «Бүркіт», «Айбар» сынды жоба аясындағы кемелер қатысқан еді.

Ал бүгінгі түнгі ату іс-шарасынан шекарашылардың жауынгерлік дайындығын ұлғайтып, жаңаша тәсілдерді меңгергенін байқауға болады. Теңізде түнгі ату шарасы оңай емес екені анық. Себебі теңіздің толқынымен таласып, белгіленген нысанаға дөп тигізу оңай шаруа емес. Шекарашылар мұндай әрекеттерді жетік меңгергенін байқауға болады.

Экипаж берілген тапсырманы толық орындады, біріккен жұмысқа және нақтылыққа ерекше көңіл бөлінді.

Қойылған тапсырма толық көлемде орындалып, нысандар жойылды.

Аталған шара Мемлекет басшысының әскери қабілетті көтеру бойынша жарғысы аясында жүргізілді.



Түн уақытында кемелер симафон және бақылау жарықтары арқылы байланыс орнатты. Осылайша 48 сағаттан астам уақыт Каспийдегі қаруланған шекарашылар жаттығу орындады. Сынақтарға ҰҚК ШҚ Маңғыстау облысы бойынша дивизиондарының дайын екенін дәлелдеді.

Аға лейтенант Ө.АЙТӨЛІ.

«ОС-ЧР». Маңғыстау облысы бойынша департаментінен.

КИНОЛОГ

## ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК

Шекараның берік қорғалуы тек шекарашылардың қырағылығының арқасында емес сонымен қатар, әскери қызметшілердің көмекшілері қызметтік иттердің дайындығына да байланысты. Өзара мықтыларды анықтау үшін ҚР ҰҚК ШҚ БҚО бойынша департаментінің бақылау өткізу бөлімшелерінің қызметтік иттерінің арасында сайыс өтті.

Сайысқа жалпы саны 4 қызметтік ит қатысты. «Тасқала», «Ақсай» «Жайық» және «Шыңғырлау» шекаралық бақылау-өткізу бекеттерінің алғыр және қырағы шекарашылар мен иттерінің арасында өткен сайысты ҚР ҰҚК ШҚ БҚО бойынша департаменті бастығының орынбасары подполковник Сухраб Мусаев бағалады. Барлығы дерлік қызметтерінде талай шекара бұзушылардың жолын кескен. Бірақ өзара сайысқа бірінші рет қатысуда. Сайыстың жалпы мақсаты, шекаралық бақылау-өткізу бекеттерінде көлікке не болмаса басқа да жерлерге жасырылған заңсыз есірткі мен жарылғыш заттарды іздеуге бағытталып, сонымен қатар жаттықтырып, үйрететін кинолог мамандардың да біліктілігін тексеру болып саналады.

Үш сынақтан тұрған жарыста ең алғашымен қызметтік иттер адамдар-



дың арасына жасырылған есірткі затын табу сайысында бақтарын сынады. Бұл сайысқа қатысушы иттер жақсы деңгейде өнер көрсетіп, барлығы дерлік жасырылған есірткі затын таба білді. Екінші сайыс шекара шебінде ең жиі кездесетін жайт, жүк сөмкелерінің арасына жасырылған есірткі затын табуда бақтарын сынады. Дайындалған қызметтік иттер, бұл додада да жақсы деңгей көрсете алды. Соңғы сайыс қызметтік иттер үшін ең ауыр болды, өйткені ауыр әскери техникаға жасырылған, салмағы 10-15 гр құрайтын есірткі затын табу, жеңіл жұмыстардың бірі емес. Бұл жерде қызметтік иттерге

сәл ауырлық тигізді. Күннің күрт өзгеріп жел соққаны ма, не болмаса шаршағандықтың белгісі ма екен білмедім, қызметтік иттер ұзақ уақыт бойы жасырылған есірткіні таба алмай, бірақ соңында аға нұсқаушыларына есірткінің орналасқан орнын көрсете білді.

Сайыс қорытындысы бойынша жүлделі орындар алған аға нұсқаушылар мен қызметтік иттер, ҚР ҰҚК ШҚ БҚО бойынша департаменті бастығының орынбасарының атынан марапатталды.

Аға лейтенант А.ҚҰРМАШ,  
«ОС-ЧР». Суретті түсірген автор.

## БРАКОНЬЕРЛІК ӘРЕКЕТТІҢ ЖОЛЫ КЕСІЛДІ

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі ІІМ және ЭГТРМ аумақтық бөлімшелерімен, сондай-ақ РФ ФҚК ШҚ-мен бірлесіп Каспий теңізі су айлағында және биологиялық өртүрлілікті сақтауға бағытталған ұйымдық және практикалық іс-шаралар кешенін жүргізуді бастады.

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі көрсетілген іс-шараларды өткізу кезеңінде Каспий теңізінің қазақстандық секторында белгіленген режимдердің сақталуын бақылау күшейтілетінін хабарлайды.

Атап айтқанда, мемлекеттің табиғи байлықтарын тонаумен байланысты заңсыз әрекеттерді анықтау бойынша бірқатар бірлескен рейдтер өткізу жоспарланған. Шекарашылар Каспий теңізіндегі заңсыз балық аулау торларын шығару жұмысын бастап кетті. Аталған іс-шараның басталғанына аз уақыт бола қойсада өз нәтижелерін беріп жатыр. Мысалы күні кеше ғана Каспий теңізінен құны 40 000 000 тг-ден астам бекіре тұқымдас балық, заңсыз тордан шығарылып, тіршілік ету ортасына қайта жіберілді. Апта басында ҰҚК Шекара қызметі Маңғыстау облысы бойынша департаменті жағалау күзетінің үшінші дивизионның «Сұңқар» шекара катерінің жеке құрамы Забурн ауданында браконьерлік ау құралдарын шығарды. Аудың жалпы ұзындығы 2000 метрді құрайды. Заңсыз аудан бекіре тұқымдас балықтың 30 данасы яғни 256 кг жуық балық шығарылып, теңізге қайта жіберілді.



Аталған іс-шара барысында заң бұзған еліміздің 10-ға жуық азаматы анықталды. Ұсталған азаматтарға айыппұлдар салынуда. Айта кететін жайт іс-шара барысында заң бұзған азаматтар анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының әкімшілік туралы кодексінің 512 бабы бойынша жазаға тартылатыны белгілі. Сондай-ақ, ұсталған балықтың түріне байланысты салынатын айыппұл тағы қарастырылған.

Соңғы жылдардың мәліметіне сүйенсек. Балық Каспий теңізімен Атырау облысында көптігі жағынан көш бастап тұр. Атыраудағы балық өсіретін зауыттардан және тоғандардан 1998 жылдан бастап биылға дейін Жайық – Каспий бассейніне 90 миллиардқа жуық данадан астам бекіре тұқымдас балықтардың өміршең шабактары жіберілген. Алайда Жайық өзенінің таяздануы салдарынан балықтардың уылдырық шашатын орындарында судың жеткілікті мөлшерде болмауы олардың тонналап қырылып қалуына себеп болып жатыр. Бұдан басқа балықты тағылықпен аулаудың кесірінен балық қоры жыл сайын азайып келеді. Өзенді мекендеген балықтарды да сақтау үшін кешенді жоспар құрылып, іске асырса ғана Атырау өңірі судан тапшылық көрмей, балық бағасы базарлар мен дүкен сөрелерінде шарықтап тұрмас еді...

Осындай акциялардың жиі болуы заңсыз шетелдік және ел азаматтарының қылмысқа баруын азайтуда. Табиғаттың байлығын келесі ұрпаққа аманат етіп қалдыру біздің борышымыз. Сол себепті қоршаған ортаны қорғауды өзімізден бастауымыз қажет.

Аға лейтенант Ө.АЙТӨЛІ,  
«ОС-ЧР». Сурет Маңғыстау облысы бойынша департаментінен.

# ЖАҚСЫ ӘСЕРГЕ ЖЕТЕЛЕГЕН КЕШ

Осы аптада ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасы өзінің 98 жылдық төл мерекесін атап өтті. ҰҚК Шекара қызметі ән-би ансамблінің құрылғанына 54 жыл. Шекарашы ардагерлердің «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің жұмыс істеп келе жатқанына 12 жыл толды.

Ағымдағы жылдың 14 наурызында аталған департаменттің клубында ән-би ансамблінің ардагері, республикаға таны-мал әнші Зәмзәгүл Кенжебаеваның жеке бастамасымен, тамаша концерт өтті. Шекара сокпақтарында іздері сайрап жатқан шекарашы ардагерлер мен жеке құрам қатысқан рухани кешке 90-шы жылдары «Отан сакшысы-Часовой Родины» газетін басқарған журналист-жазушы В.Шупейкин арнайы қатысып, өзінің жақында жарық көрген «Не только про любовь» атты ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдары жазылған әңгімелер топтамасы енген кітабын көрермендерге таныстырды.

Өзінің шекарашылық жолын Күршім шекара отрядында бастаған Василий Васильевичтің шығармашылығына шабыт берген де өзі секілді шекарашылардың ел шебіне арнаған саналы ғұмырларындағы махаббат хикаялары, қызмет атқару кезінде бастарынан кешірген қызықты оқиғалары. Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған әскери көркем шығарманың кейінгі буын шекарашыларға – өзінің оқырмандарына ұнайтынына бек сенімдіміз.

Айтулы деген үш мерекені ұлықтаған

мәдени шараға Алматы қаласында тұратын шекарашы ардагерлермен бірге департаменттің жеке құрамы қатысты. Шараны құттықтау сөзбен ашқан «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы қалалық филиалының төрағасы отставкадегі



генерал-майор М.Мажитов алдымен қабырғасының қаланғанына ағымдағы жылдың 12 сәуірінде 98 жыл толған Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының басып өткен тарихи жолына тоқталды.

98 жыл. Бұл – 2021 жылдың көктеміне дейін Жаркент шекара отряды атанған әскери ұжымның 30-шы жылдары туған жеріміздің шекарасын соңғы демі таусылуға жақын екендерін түсініп, шекарадан асуға тырысқан ақ гвардияшылардың жолай шекаралық аймақтардағы ауылдарға қырғидай тиюіне жол бермегенін, Ұлы Отан соғысына қатысып, неміс-фашист басқыншыларымен жан

аямай соғысқанын, Ауған соғысына қатысып, ерліктің мәңгі үлгісін жасағанын, еріктілердің қатарында тәжік-ауған шекарасына аттанғанын көрсетеді.

...Шекарашылардың әйелдері туралы әнмен ашылған мерекелік концертте ардагерлер: журналист-жазушы В.Шупейкин, ән-би ансамблінің әншілері З.Кенжебаева, Т.Даутов, ҚР еңбегі сіңген әртісі, сазгер С.Рыжовтар өнер көрсетті. Шекара және шекарашылар туралы әндерді В.Шупейкин мен С.Рыжов бірге орындап, көрермендердің көңілдерін бірден баурап алды. Қос ардагер орындаған әндердің бірі Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының 98 жылдық мерекесіне арналды.

Шара соңында Алматы облысы бойынша департаменті бастығының тәрбие, идеологиялық және кадр жұмыстары жөніндегі орынбасары полковник А.Муналбаев өнер көрсеткен ардагерлерімізге алғыс айтты. Бұдан әрі белсенді ардагерлерді медаль, төсбелгісі, грамота және ақшалай сыйлықпен марапаттау болып өтті.

...Ал бұл кезде Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының подполковник С.Қалымов бастаған тәлімгерлерінің ұйымдастыруымен далалық оқу орталығында мерекелік концерт өткен болатын. Атап айтар болсақ, аталған далалық оқу орталығында біліктілік курсынан өтіп жатқан келісімшарттың әскери қызметшілері аудандық мәдениет үйінің және шекара басқармасы өнерпаздарының патриоттық рухтағы концерттік бағдарламасын тамашалады.

Тарлан әскери ұжымдар туралы тарихтар айтыла берелі.

**Журналист Т.ДӘУЛЕТБАЕВА,  
«OS-ЧР». Суреттерді түсірген  
майор Қ.БАЙМҰРАТ.**

## ПРОФИЛАКТИКА

### ДТП - нулевую терпимость

В современном мире человек ежедневно сталкивается с различного рода правонарушениями, в том числе с нарушениями Правил дорожного движения. Всем известно, что такие действия неправомерны, однако люди оставляют их без внимания если это тем или иным образом не затрагивает их личные интересы.

Учитывая реалии современного мира возникает необходимость воспитания в обществе нулевой терпимости к различного рода правонарушениям в том числе и ПДД, т.е. отрицательной реакции граждан, их нежеланию мириться с лицами, нарушающими общественный порядок.

Следует отметить, что ежегодно в результате дорожно-транспортных происшествий в мире погибает около 1,3 миллиона человек. Еще от 20 до 50 миллионов человек получают не смертельные травмы, которые во многих случаях приводят к инвалидности.

В свою очередь, в целях обеспечения комплексного профилактического воздействия, необходима трансформация подобной модели поведения и в воинскую среду, в том числе путем повышения правовой культуры.

В настоящее время в целях предотвращения ДТП с участием транспортных средств ОНБ, сотрудниками Управления военной полиции по Акмолинскому гарнизону, в соответствии с Законом РК «Об органах военной полиции», на постоянной основе проводятся автопатрулирования в зоне правовой ответственности на служебном специальном автотранспорте.

Наряду с этим, с целью выявления и предотвращения нарушений ПДД сотрудниками ОНБ на личном и служебном автотранспорте с сотрудниками дорожной полиции проводятся совместные рейдовые мероприятия.

Кроме того, осуществляются общие и индивидуальные профилактические мероприятия с водительским составом ОНБ, направленные на недопущение нарушений ПДД, являющихся основными причинами ДТП.

Вместе с тем, осуществляется мониторинг базы ИС «ЕРАП», направленный на выявление нарушений ПДД служебным транспортном ОНБ зафиксированные автоматическими камерами.

Все проводимые меры нацелены на предупреждение дорожно-транспортных происшествий на служебном транспорте среди военнослужащих, сотрудников и работников Комитета, а также снижения тяжести их последствий.

Главное, каждый водитель должен отчетливо понимать, что безопасность движения зависит, прежде всего, от него самого, его подготовленности, дисциплинированности, сознательного и не укоризненного выполнения Правил дорожного движения.

**Старший сержант Т.РАКИШЕВ,  
Инспектор ВДП УВП КНБ РК  
по Акмолинскому гарнизону**

### Көлік құралын мас күйде басқарудың жауапкершілігі

**Бүгінгі күні жол-көлік оқиғаларының негізгі себебі техникалық емес, адами фактор, оның ішінде көлік құралын мас күйінде жүргізу болып табылады.**

Көлікті мас күйінде басқару әкімшілік жазаланатын іс-әрекет, алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйдегі жүргізушінің көлік құралын басқарғаны үшін әкімшілік жауаптылықты белгілейтін негізгі нормативтік акт болып табылады, бұл Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608-бабының нормаларына тең болып табылады.

Алайда, абайсызда адам денсаулығына орташа ауырлықтағы зиян келтіруге өкеп соққан жол-қозғалысы оқиғасы (өрі қарай ЖҚО) туындаған жағдайда мас жүргізушінің жауапкершілігі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 345-1 бабында көзделген қылмыстық разрядқа өтеді.

Сондай-ақ, көлік құралын басқару құқығынан айырылған, алкогольді, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйдегі адамның көлік құралын басқарғаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 346-бабында жауапкершілікке тарту көзделген.

Сонымен қатар, адамның алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде машина жүргізгені, корабльдерді жүргізгені, әскери ұшу аппаратын, әскери техниканы осындай адамның жүргізуі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 466-бабында жауаптылық көзделген.

Әскери қызмет өткеру қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады, әскери қызметшілердің адамгершілігіне және моральдық және этикалық бейнесіне жоғары талаптар қояды.

Әскери полиция органдары қызметкерлерінің тұрақты негізде жүргізетін профилактикалық іс-шараларына қарамастан әскери ортада әскери қызметшілердің жеке көлік құралын мас күйінде жүргізу фактілері әлі де орын алуда.

Құрметті әскери қызметшілер, ЖҚО адамдардың қаза болуы мемлекет пен қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуы үшін орны толмас жоғалту болып табылатынын еске салғымыз келеді, себебі осы оқиғаның құрбандары негізінен еңбекке барынша белсенді жастағы адамдар болып табылады.

Жолдағы өлімді, жарақаттануды және басқа да жағымсыз көріністерді болдырмау үшін Сіздерді, қозғалысқа қатысушы ретінде, жол қозғалысы ережелерін сақтауға шақырамыз, дәл сол кезде біз жолдарымыздағы қозғалысты қауіпсіз ете аламыз және Қазақстандағы жол-көлік оқиғаларының қорқынышты статистикасын төмендете аламыз.

Есіңізде болсын, автокөлік құралдары жоғары қауіп көзі болып табылады, ал сіздердің әрқайсыңыз басқа адамның өміріне, әр отбасына жеке жауапкершілікте боласыз.

**Кіші сержант А. НУРМАХАНОВ,  
ҚР ҰҚК ӘПБ (Павлодар қ.).**

## ПОМОЩЬ

Общественный фонд «Общество Spina Bifida» просит оказать помощь с организацией сбора средств для изготовления и закупки инвалидной коляски активного типа производства Германия фирмы «OttoBock» ребенку с инвалидностью Пернехан Армана Досжанулы, ИИН 180617500776, диагноз – Спина Бифида, врожденная спинномозговая грыжа, паралич ног, нарушения функции органов малого таза по типу недержания.

Адрес проживания: г.Шымкент, мкр.Нурсат 2, пр.Назарбаева, д.52, кв.49, тел.87072052540 (мама Дарменова Мария)

**Реквизиты для сбора средств:**

**Каспий голд (карта) 4400 4301 2807 7085, 87081141362 тел. (Мария Д.)**

**Народный банк (карта) 4405 6397 7275 5870.**

# ТАКТИКА ВЫЖИВАНИЯ

## пограничника в природных условиях

Статья девятая: «Сам-себе спасатель, или как в кратчайшие сроки выйти к людям».

(Начало в предыдущем номере)

При наблюдении с земли можно заметить большие башни, церкви, элеваторы – за 16–20 км, населенные пункты общим контуром, то есть без внутренних деталей, – за 10–12, отдельные крупные здания и заводские корпуса – за 9, заводские трубы – за 6–8, а столбы дыма от них в некоторых случаях за 40 км и более. Небольшие отдельно стоящие дома и избы – за 5 км, телеграфные столбы, общий контур фигуры человека – за 1,5 км. При наблюдении с земли ночью, возможно, увидеть: зарево большого города и отблеск его огней на облаках за 70 км и более; светосильные маяки, расположенные на возвышенностях, – до 50 км; на таком же расстоянии различимы вертикальные лучи прожекторов. Фары автомобиля видны за 10 км, костры – за 8, а при наблюдении с воздуха – за 20 км. Сильный электрический фонарь – за 3–4 км, слабый – за 1,5, отблеск ружейных выстрелов – за 1,5 км.

При осмотре местности необходимо помнить, что при сильном утомлении человек склонен принимать желаемое за действительное, то есть видеть то, что хочет увидеть. По этой причине необходимо постоянно перепроверять себя. И еще надо помнить, что даже очень знакомая местность при необычном освещении, с непривычной точки наблюдения, из-за необычного для человека психического состояния – испуга, паники, раздражения, апатии, опасения ошибиться и т. п. – может показаться совершенно незнакомой. Особенно это часто случается в горах, где любая скала, вершина, хребет при осмотре с разных сторон имеют совершенно разный вид.

Чувствительность зрения повышается напряжением внимания в 1,5–2 раза. И, наоборот, любое отвлечение внимания на разговор, прислушивание к чужой беседе, мысли о постороннем, пережевывание пищи и пр. сильно уменьшают чувствительность зрения. Значительно отвлекает внимание наблюдателя курение, кроме того, огонь горящей сигареты рассеивает темноту, засвечивает глаза.

Повысить чувствительность зрения можно с помощью глубокого дыхания (за минуту надо делать 8–10 глубоких, плавных вдохов и выдохов), совершив несколько несложных физических упражнений, раздражая любой орган чувств, периодически обтирая лицо, затылок и шею прохладной водой или снегом.

Подсвечивание глаз красным светом в течение 2–3 мин повышает ночную чувствительность зрения на полчаса. Этим способом пользовались армейские разведчики еще в Первую мировую войну.

Наблюдать можно не только за горизонтом, но и, например, за рекой. Глядя на плавающий мусор, который несет вода, можно с уверенностью сказать, что находится в верховьях реки.

Сплавной лес указывает на лесоразработку. Хозяйственный мусор, плывущий и прибитый к берегу, спиленный и срубленный хворост, масляные и бензиновые пятна на воде и пр. – на город или поселок.



Фото из свободного доступа сети Интернет

Обнаружив отдельные признаки, нельзя спешить отправляться в путь, следует продолжать наблюдение. Возможно, увиденная пустая бутылочка из под шампуня, обрывок газеты или полиэтиленовый пакет оказались здесь случайно. Признаком расположенного вверху по течению жилья может служить большое количество предметов, пятен с малым разбросом, и при этом постоянно увеличивающееся.

Особую значимость наблюдение приобретает в экстренных ситуациях, произошедших на открытой воде – в море, большом озере. Высокий, скальный и особенно заснеженный берег может быть замечен за 60 км и более. С другой стороны, низкий берег можно не увидеть в нескольких сотнях метров. Прибрежная зона моря достаточно плотно насыщена световыми навигационными и сигнальными приборами – маяками, буями, бакенами, знаками и пр. Видимость маяков в хорошую погоду может достигать десятков миль, буев – нескольких километров. В любом случае потерпевшим, не имеющим представления о своем местоположении, целесообразно двигаться в направлении замеченного огня. Всякое морское навигационное средство может вывести потерпевших к берегу или оживленной судоходной трассе.

Наблюдать в море надо с максимальной возвышенности над поверхностью воды площадки – крыши рубки, мачты и пр. Чем выше точка обзора, тем большее пространство доступно наблюдателю, тем меньше искажают видимую картину волнение, испарения, водные блики.

### ПРОСЛУШИВАНИЕ

Обнаружить присутствие в данной местности людей можно не только с помощью наблюдения, но и прослуши-

вания. Известно, что 7% информации об окружающей среде человек получает через слух. В экстренной ситуации, особенно в густолесье или другой закрытой местности, значение слуха возрастает. Слух – наиболее универсальное средство поиска, так как, в отличие от зрения, охватывает разом все стороны горизонта, а не одну только узкую, видимую часть. При некотором навыке человек способен проводить звуковую пеленгацию с точностью до 3–5°. Для большей эффективности пеленгации, для повышения чувствительности слуха к уху желательно приставить свернутый кулечком лист жести, плотной бумаги или приложить сложенные рупором ладони.

Если непонятный шум или искусственного происхождения звук пограничник услышал во время перехода или привала, он должен незамедлительно повернуться лицом в его сторону и, стараясь не двигаться, зафиксировать направление на звук, заметив перед собой какой либо хорошо различимый ориентир – камень, скалу, одиночное дерево, в крайнем случае, вытянув руку. После этого следует некоторое время соблюдать полную тишину, так как существует вероятность повторения звука. Одновременно, не сходя с места и не прекращая прослушивания, надо на шкале компаса заметить градусы, соответствующие направлению на ориентир. В последующие часы, и особенно ночью, в данном направлении необходимо провести тщательное визуальное наблюдение.

Человек способен слышать:

– гул реактивного самолета в ночной тишине – до 30–40 км;

– дальние взрывы (например, производящиеся на карьерах, полигонах и пр.) – за 12–15 км;

– морские звуковые маяки (в зависимости от мощности) – от 5 до 20 км;

– шум идущего поезда – за 10 км;

– тепловозный, паровозный гудок, сильную сирену – за 7–10 км;

– рокот мотора работающего трактора – за 3–4 км;

– стрельбу из охотничьего ружья (в зависимости от рельефа местности) – за 1,5–3 км;

– автомобильный гудок, ржание лошадей, лай собак – за 1–2 км;

– шум грузовой машины, идущей по шоссе – за 2 км, по грунтовой лесной дороге – за 1 км;

– неразборчивый крик – за 1 км;

– стук конских копыт в ночной тишине – за 0,5–1 км;

– треск падающих деревьев – за 800 м;

– рубку леса, удары топора – за 300–400 м;

– стук вёсел, неясный разговор – за 300–400 м;

– звяканье посуды, разговор (разбираются слова), кашель – за 30–70 м.

Слышимость увеличивается в тумане, над водой. Затрудняют целенаправленное прослушивание любые близкие и производимые самим человеком звуки: шуршание одежды, бряцание металлических предметов в карманах, скрип обуви, шуршание почвы под ногами, громкое, напряженное дыхание. Значительно уменьшает чувствительность слуха пережевывание пищи. Довольно далеко могут быть услышаны обрывки звуков, принесенные ветром, но определить их происхождение бывает очень трудно.

Подготовил  
полковник Е. КОСТЕНКО.

### OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті  
Меншік иесі:  
Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі  
Редакцияның мекенжайы:  
Нұр-Сұлтан қаласы, Лепсі көшесі, 63 үй.  
Телефондар: Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38  
Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57  
Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56  
E-mail: os-chr@yandex.kz  
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:  
gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор: Радик Кагенов  
Редактор: Рауан Қабдолданов  
Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин  
Тілшілер: Азамат Мұқанов, Жанар Кемел, Ахат Аңелханов, Бауыржан Қиянбеков, Бахтияр Сулейменов  
Меншікті тілшілер:  
Алматы - Бекзат Молдахметова, Тамара Дәулетбаева  
Атырау - Өмірбат Айтәлі  
Ақтөбе - Бауыржан Қожантай  
Павлодар - Анар Бағдатова  
Өскемен - Анар Карменова  
Қостанай - Манарбек Қаркенов  
Шымкент - Рауан Нұрмет

Орал - Азат Құрмаш  
Қызылорда - Темірлан Серікқалиев  
Петропавл - Санат Әзімханов

Фототілші: Асхат Сәбиев  
Компьютерлік безендіру және беттеуші:  
Айдос Қыргызбаев  
Корректор: Роллан Абдрайымов  
Немірдің кезекші редакторлары:  
майорлар А.Мұқанов, Б.Сүлейменов

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы даталар мен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді.

Газетті есепке қою туралы № 1394-г күзлікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі берген.

Газет "ОС-ЧР" Әскери патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.

# СҰЛУЛЫҚ ҺӘМ МАҚТАНЫШ...

...Сұлу делік, сұлудың да міні бар,  
Күліп тұрған кісінің де мұңы бар.  
Оқасы жоқ, ішің толып кетсе егер,  
Қасқыр сынды айға қарап ұлып ал...

Бұл – көзінің тірісінде уақытты қадірлеген қазақтың аса қадірлі ақындарының бірі Қадыр Мырза Әли. «...сұлудың міні бар...кісінің де мұңы бар... айға қарап ұлып ал...!» Қалай дәл тауып айтқан. Дұрыс жолын да дәл нұсқап тұр-ау...

Иә, иә, «айға қарап ұлығым» – таудың ең биігіне шығып алып, айғайлағым келіп жүргеніне көп болды... Неге дерін бар ма, құрметті оқырманым?!

...Шекараға бір рет барып көрмесе де иығына таққан шенін бұлдап, саған білгішсінетін біреулер үшін. Өркениетте жүріп, құм ішінде қызмет атқарған шекарашының түсінімін дейтін бәтшағарлар үшін... Мұндай «үшіндер» көп-ақ... Ал солар тым болмаса бәйшешектің бұр жарып шыққан алғашқы сәтін көрді ме екен?.. Әй қайдам?

Ал мен көрдім. Қаламын қару етіп келе жатқанына пәленбай жыл өткен осы жолдардың авторы – мен көрдім. Өмірімде бірінші мәрте!

...Көліктің терезесінен сырттағы дүниеге қарап отырған мен селт ете түстім. Осы сәт жердің үсті бейне бір әзірде ғана бұршақ тасырлатып өте шыққандай еді. Ақ нокаттарға толып кеткен... Анықтап қарасам, қылтиып шығып келе жатқан бәйшешектер! Бүгін танертең ғана осы жолмен өткенімде жоқ болатын...



Сол-ақ екен, жүрегім кеудемнен шығып кетердей болып тарсылдап ала жөнелді. Жо-жоқ, осыған дейін әр-әр жерде қылтиып өсіп тұрған бәйшешектерді көріп, тіпті, өздерін әспеттеп теріп алған кездерім де болған. Ал енді бұр жарып шыққанын көрмеген едім...

...Бетін қып-қызыл қызғалдақтар жапқан сайын даланың төсі, таудың баурайын кім көрмеді дейсіз? Оның сұлулығына кім тамсанбады?! Ал мен бүгін бәйшешектер бітік шыққан жерді көрдім.

Білесіз бе, қардың астында қалып қойған шөптердің арасынан бастары қылтиып көрінген бәйшешектер мені

...Оқасы жоқ, ішің толып кетсе егер,  
Қасқыр сынды айға қарап ұлып ал...

Қайдағы бір бәтшағарларға бола, таудың биігіне шығып, «ұлығым» келіп жүрген менің ішім бір-ақ сәтте босап сала бергендей болды. Өзімнің шекара аралаған тілші, бәйшешекті бірінші болып көретін шекарашылар туралы қалам тартқан журналист болғанымды мақтан тұтқаным болар... Ал, қалғаны түк емес екен!..

Журналист Т.ДӘУЛЕТБАЕВА,  
«OS-ЧР».

## СПОРТ

## Спортшы шекарашылар марапатталды



Қостанай облысы бойынша департамент басшысы полковник Алматы Джаржанов республикамызда түрлі деңгейде ұйымдастырылған спорттық жарыстарда бағын сынаған шекарашыларға грамоталарын табыстады.

Шекара шебін тәуліктің жиырма төрт сағатында берік күзетіп жүрген жасыл кункарлылардың арасында спортты жанына серік еткен әскери қызметшілер көптеп кездеседі. Қостанайлық Отан қорғаушылардың жеңіс тұғырынан көрінген бұл жолғы жетістіктері соның айғағындай.

Еліміздің қалаларында өткен спорттық жарыстарда жұлдемен оралған әскери қызметшілердің жеңістеріне бөлек-бөлек тоқталайық.

Щучинск қаласында ұйымдастырылған армиялық қоян-қолтық ұрыс бойынша Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің XIX чемпионатында Шекара қызметінің құрама командасының құрамында арнаулы мақсаттағы ұтқыр іс-қимылдар тобының кіші сержанты Сәтбек Есенгельдин бағын сынады. Қорытындысында ол 60 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде III орынға ие болды.

Қостанай қаласында абсолютті нақты ұрыс бойынша республикалық шеберлік турнирі өтті. Оған Қостанай облысының құрама командасының құрамында арнаулы мақсаттағы ұтқыр іс-қимылдар тобының әскери қызметшісі сержанты Есболат Сайлауов қатысқан болатын. Білектілердің бағы сынға түскен шараның нәтижесінде ол 65 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде III орынға ие болды.

Тараз қаласында Ашихар каратэден әр облыстан жиналған құрама командалар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Қостанай облысының құрама командасының құрамында күзет тобының әскери қызметшісі ефрейтор Аят Саров 75 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде бағын сынаған болатын. Жарыстың қорытындысы бойынша ол 75 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде II орын (толық қанды күрес бойынша) және II орын (спорттық бөлім бойынша) иеленді. Сонымен қатар, ефрейтор Аят Саров аталмыш чемпионаттың қорытындысында Ашихар каратэден Қазақстан Республикасы құрамасының құрамына қосылды. Ол енді Баку қаласында (Әзірбайжан) өтетін Ашихар каратэден әлем чемпионатына бағын сынайтын болады. Қазіргі кезде спорттық сайысқа дайындық үстінде.

«Шынықсаң шымыр боларсың» демекші, жауынгерлік қызметпен бірге спорттық дайындықты да қатар алып жүрген әскери қызметшілердің жетістіктеріне көңілің тояды. Салауатты өмір салтын қолдап, әскери ұжымның мерейін арттырып жүрген шекара сақшыларының биіктерден көріне берулеріне тілектеспіз.

Майор М.КАРЕКЕНОВ,  
«OS-ЧР». Суретті түсірген  
қатардағы жауынгер  
Ж.СЫЗДЫҚОВ.

## ПАМЯТНЫЙ ТУРНИР

В областном центре ВКО г. Усть-Каменогорске, в спортивном комплексе «Динамо», прошел турнир по волейболу, посвященный памяти сотрудников и военнослужащих правоохранительных органов, силовых и других специальных структур, погибших при исполнении служебного долга во время январских событий.



В мероприятии приняли участие команды Департаментов Пограничной службы и Комитета национальной безопасности по ВКО, Департамента полиции и Департамента по чрезвычайным ситуациям, РГК «Шығыс» Национальной гвардии РК и Управления специализированной службы охраны ВКО, ДЭР по ВКО и войсковой части 27943.

На церемонии открытия приветственное слово было предоставлено заместителю начальника Департамента полиции полковнику полиции Ренату Унарбекову. В своем выступлении он пожелал удачи, честной борьбы, успехов в служебной подготовке и крепкого тыла всем участникам соревнований.

Кроме того, одним из почетных гостей этого соревнования пожелавшим успеха, мужества и сил в дальнейшей службе спортсменам, была мастер спорта МК РК - бронзовый призер чемпионата мира в Сербии Надежда Дубовицкая.

В течение двух дней участники соревнований боролись за право называться лучшими в этом виде спорта. В ходе игры было видно их физическое развитие и умение действовать в команде. Все игроки, участвующие в спортивном турнире, показали высокий уровень мастерства.

Команды показали свое мастерство, упорство, скорость и ловкость. Всего в турнире приняло участие более 70 спортсменов из Восточного Казахстана.

В финальном противостоянии за призовые места встретились команды Департамента Пограничной службы по ВКО, Департамента полиции и Департамента

по чрезвычайным ситуациям. Игра была невероятно эмоциональной и непредсказуемой. До последнего момента никто не мог с уверенностью сказать, кто станет победителем. Ни один из спортивных коллективов не хотел уступать друг другу, однако сотрудники полиции переломили ход игры в свою пользу и уверенно победили, завоевав золотую медаль.

- Увидеть такую борьбу, динамику, слаженную игру мы и сами не ожидали. Выставленные команды достойны похвалы, они показали высокий класс коллективной игры в волейбол, – признались организаторы и специалисты.

Итак, напряженный турнир по волейболу, организованный Физкультурно-спортивным обществом «Динамо» завершился. В решающей игре команды поделили между собой призовые места: I место заняла сборная команда Департамента полиции, II место - сборная команда Департамента Пограничной службы КНБ по ВКО, III место заняла сборная команда Департамента по чрезвычайным ситуациям. Командам-победителям были вручены кубки и дипломы ФСО «Динамо».

Организаторы соревнований, поздравив победителей, помянули военнослужащих и сотрудников, погибших при исполнении служебного долга и пожелали, чтобы поводы для проведения турниров всегда были только положительными.

Майор А.КАРМЕНОВА,  
«OS-ЧР». Фото автора.